

**«Шағын жинақты мектептің үздік педагогі»
облыстық байқауын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже «Шағын жинақты мектептің үздік педагогі» облыстық байқауының (бұдан әрі — Байқау) мақсатын, міндеттерін, ұйымдастыру тәртібін, өткізу шарттарын, оның қатысушыларына қойылатын талаптарды, бағалау өлшемдерін, қорытындыларды шығару және жеңімпаздарды марапаттау тәртібін белгілейді.

1.2. Байқау БҚО Білім басқармасы әдістемелік орталығының 2024 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

2.1. **Мақсаты:** шағын жинақты мектеп мұғалімдерінің үздік педагогикалық тәжірибесін анықтау, жалпылау және тарату.

2.2. Міндеттері:

- шығармашылық жұмыс атқаратын шағын жинақты мектеп педагогтерін анықтау және қолдау;
- педагогтердің шығармашылық бастамаларын дамыту және инновациялық қызметке ынталандыру.

3. Байқауды ұйымдастырушылар, өткізу мерзімі мен шарттары

3.1. Байқауды ұйымдастырушылар-Батыс Қазақстан облысы Білім басқармасының әдістемелік орталығы.

3.2. Байқау 2024 жылдың қазан-қараша айларында өткізіледі.

3.3. Байқауға шағын жинақты мектептің педагогтері (кітапханашы, әлеуметтік педагог, педагог-психологтарды қоспағанда) қатысады.

3.4. Байқау екі кезеңде өткізіледі:

I кезең - аудандық (қалалық) (*ағымдағы жылдың 31 қазанына дейін*);

II кезең – облыстық (*ағымдағы жылдың 14,15 қарашасы күндері*).

3.5. Байқаудың I кезеңінің нәтижелері бойынша жеңімпаздар II (облыстық) кезеңге жіберіледі.

3.6. Облыстық байқауға аудандық (қалалық) білім бөлімі келесі құжаттарды : batys-adis@itc.edu.kz электронды поштасына жіберуі қажет:

- аудандық (қалалық) білім бөлімінің облыстық байқауға қатысуға **сұранысы**;
- қатысушының **ақпараттық беті (қосымша 2)**;
- I кезең қорытындысы бойынша аудандық (қалалық) білім беру бөлімінің **хаттамасы** (сканерленген көшірмесі).

Байқау материалдары «ШЖМ Үздік педагогі» байқауы белгісімен 2024 жылдың 4 қарашасына дейін batys-adis@itc.edu.kz электронды поштасына